



Автор: Баймулдина Айнур Асылбековна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ежелгі көшпелілер өмірі

Тақырып: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.2 – ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттай алады. Көпшілігі: Дүниетаным ерекшеліктеріне талдау жасайды. Кейбірі: Ұлттық салт-дәстүр үлгілеріне баға береді.
Бағалау критерийлері:	- Көшпелілердің салт-дәстүрлерін түсінеді - Көшпелілердің өміріне әсерін талдайды. - Көшпелілер салт-дәстүрін бүгінгі күнмен байланыстырады
Пәнаралық байланыс:	• Дене шынықтыру (ұлттық ойындар арқылы тапсырма беріледі)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	• Асық түстері арқылы 4 топқа бөлу Үй тапсырмасын тексеру: асықтарға жапсырылған «Киіз үй» туралы шетелдік саяхатшылар мен зерттеушілер жазып қалдырған деректердің мазмұнын құрастыру, тұжырым жасау “Саятшылық өнері» туралы бейнежазба көрсету, болжау сұрақтарын қою □ Отбасыларыңызда қандай салт-дәстүрлер бар? □ Біз қандай салт - дәстүрлерді білеміз? □ Саятшылық кәсіп пе, әлде өнер ме? Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстыру.	
Сабақтың ортасы	ИНСЕРТ стратегиясы арқылы мәтінмен жұмыс Білемін Мен үшін жаңалық Білдім Бағалау критерийі: Көшпелілердің салт-дәстүрлерін анықтайды. Дескрипторлар: ү - Көшпелілер салт-дәстүрінен бұрыннан білетін ақпараттарын белгілейді. + -Көшпелілер салт-дәстүрінен жаңадан танысқан мәліметтерін айтады Т кестесі Көшпелілер дәстүрінің қолданылуы: Ежелгі заманда Бүгінгі күні Отқа табыну Күнге табыну Ата-баба аруағына табыну Бағалау критерийі: Көшпелілердің дүниетанымы ерекшеліктерін анықтайды.. Дескрипторлар: • Наным-сенімдер мағынасын ашады • Наным-сенімнің қазір қолдану маңызын ашады Көшпелілердің өміріне әсерін анықтайды	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>Дене шынықтыру пәні мұғалімі А.Тулеуов ұлттық ойындар, әсіресе, асық ойындары тарихымен таныстырады. «Асық ойыны – ұлттық спортымыздың бір түрі. Асық ойыны-қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты қастерлеген. Өйткені әрбір көшпенді өмір сүрген халықтың өмір салты, әдет-ғұрпы төрт түлік малға мейлінше байланысты. Осыған байланысты қаншама атау, ұғым-түсінік, таным мен пайым пайда болды. Қазақтың мақал-мәтелі де, аталы сөзі де асыққа байланысты құрылып, күнделікті байланысқа түсті. Одан өрбитін сөз де, мақал-мәтел де жеткілікті. Мысалы, қазақта «Асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар.Ол сәті түсіп,жол болып тұрғандығын білдіреді. Сондай-ақ халықтың «Қой асығы деменіз, қолға жақса сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға тұт» дегеніне түсінген адамға астарында үлкен мән жатыр. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Иіргенде түскен алпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны- сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы - оңқы асық аталады.Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б» 4 топтың арасында «Асық ату», «Бес асық» ойындары ойнатылады. Ойында жеңілген оқушылар асыққа жапсырылған сұрақтарға жауап береді. 1-топсұрақтары: - Аластау не үшін жасалады? - Ас кімге беріледі? - Наурыздықай елдер тойлайды? - «Алас,алас.....» жалғастырыңыз 2-топ сұрақтары: -Наурызда қандай дәстүрлер бар? - Ең қасиетті орын? - Құсбегі деген кім? -Ұлыс дегеніміз не? 3-топ сұрақтары: - Наурыз парсы сөзі, қандай мағынабереді? - Көшпелілер о дүниеге сенді ме? - «Самарқанның көк тасы жібігенкүн». Бұл қай күн? - Қай уақытта екі оттың арасынан өткен? 4-топсұрақтары: - Наурыз қашан пайда болған? - Көкпар атауының шығуы немен байланысты? - Құсбегі қандай құстарды баптаған? Жеңімпаз топты мадақтау</p>	